

## **2017 жылға басым ауыл шаруашылығы дақылдарының тізбесін және субсидиялардың нормаларын бекіту туралы**

Павлодар облыстық әкімдігінің 2017 жылғы 20 маусымдағы № 173/3 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 13 шілдеде № 5566 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 4-3/177 бұйрығымен бекітілген Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын субсидиялау қағидаларына сәйкес Павлодар облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес 2017 жылға басым ауыл шаруашылығы дақылдарының тізбесі және басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруға, жанар-жағармай материалдары мен көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын арзандатуға арналған субсидиялардың нормалары (1 гектар және (немесе) 1 тоннаға) бекітілсін.

2. Павлодар облысы әкімдігінің 2016 жылғы 11 қазандағы "Басым ауыл шаруашылығы дақылдарының тізбесін және субсидиялардың нормаларын бекіту туралы" № 309/7 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5249 болып тіркелген, 2016 жылғы 21 қазанда "Регион.kz" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қалалар мен аудандар әкімдері субсидиялардың мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз етсін.

4. "Павлодар облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіпте:

осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

осы қаулының ресми жариялануға жіберілуін;

осы қаулыны Павлодар облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Б.Қ. Қасеновке жүктелсін.

6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Б. Бақауов

Павлодар облысы әкімдігінің  
2017 жылғы "20" маусымдағы  
№ 173/3 қаулысына  
қосымша

**2017 жылға басым ауылшаруашылығы дақылдарының тізбесі және басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруға, жанар-жағармай материалдары мен көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауылшаруашылық дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын арзандатуға арналған субсидиялардың нормалары (1 гектар және (немесе) 1 тоннаға)**

Р/с №	Басым дақылдардың атауы	Өлшем бірлігі	Бюджеттік субсидиялардың нормалары, теңге
1	Біржылдық шөптер	гектар	10000
2	Ағымдағы жылы немесе өткен жылғы күзде себілген көпжылдық шөптер	гектар	10000
3	Сүрлемге арналған жүгері	гектар	10000
4	Сүрлемге арналған күнбағыс	гектар	10000
5	Қорғалған топырақтағы көкөністер – өнеркәсіпті типтің жылыжайлары (1 дақыл айналымы)	гектар	1750000
6	Қорғалған топырақтағы көкөністер – қарапайым типтің жылыжайлары (1 дақыл айналымы)	гектар	457648
7	Күнбағыс	тонна	10000
8	Зығыр	тонна	10000
9	Рапс	тонна	10000
10	Майбұршақ	тонна	10000